



«АККРЕДИТТЕУ ЖӘНЕ РЕЙТИНГТІҢ
ТӘУЕЛСІЗ АГЕНТТІГІ» КЕМ

НУ «НЕЗАВИСИМОЕ АГЕНТСТВО
АККРЕДИТАЦИИ И РЕЙТИНГА»

INDEPENDENT AGENCY FOR
ACCREDITATION AND RATING

ЕСЕП

2018 жылдың 27-29 наурыз аралығында «Аяжан Қарасай» колледжі білім беру мекемесі 0301000 "Емдеу ісі" мамандығы 0301013 «Фельдшер» біліктілігінің мамандандырылған аккредиттеу стандарты талаптарына сәйкестігін бағалау туралы сыртқы сараптау комиссиясы жұмысының

Қаскелең 2018

АККРЕДИТТЕУ ЖӘНЕ РЕЙТИНГТИҢ ТӘУЕЛСІЗ АГЕНТІГІ
Сыртқы сараптау комиссиясы

*АРТА аккредиттеу
кеңесіне бағытталған*



Независимое агентство
аккредитации и рейтинга

2018 жылдың 27-29 наурыз аралығында «Аяжан Қарасай» колледжі білім беру мекемесі 0301000 "Емдеу ісі" мамандығы 0301013 «Фельдшер» біліктілігінің мамандандырылған аккредиттеу стандарты талаптарына сәйкестігін бағалау туралы сыртқы сараптау комиссиясы жұмысының

ЕСЕБІ

**Қаскелең қаласы
«29» наурыз 2018 жыл**

МАЗМҰНЫ

(I) ТАҢБАЛАР МЕН ҚЫСҚАРҒАН СӨЗДЕР ТІЗІМІ.....	3
(II) КІРІСПЕ	4
(III) БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМЫНЫҢ ҰСЫНЫЛЫМЫ	5
(IV) ССК МӘЛІМДЕМЕСІ.....	6
(V) АЛДЫҢҒЫ АККРЕДИТТЕУ РӘСІМІ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТ	8
(VI) МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН АККРЕДИТТЕУ СТАНДАРТТАРЫНА СӘЙКЕСТІГІ	8
6.1 «Миссия және басшылық» стандарты.....	8
6.2 «Білім беру бағдарламасы» стандарты	10
6.3 «Білім беру бағдарламасының» тиімділігі	11
6.4. «Оқытушылар және оқыту тиімділігі» стандарты	12
6.5 «Білім алушылар» стандарты.....	13
6.6 «Білім беру ресурстары» стандарты	17
(VII) КҮШТІ ЖАҚТАРЫНА ШОЛУ/ ӘР СТАНДАРТ БОЙЫНША ҮЗДІК ПРАКТИКА...	19
(VIII) САПАНЫ АРТТЫРУ ІСІНЕ ҚАТЫСТЫ ҰСЫНЫСТАРҒА ШОЛУ	21
(IX) БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМЫН ДАМУ ТҮСІНЕ ҚАТЫСТЫ ҰСЫНЫСҚА ШОЛУ	21
Қосымша 1. Бағалау кестесі. «МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН БЕЙІН ПАРАМЕТРІ»	22



arto

(I) ТАҢБАЛАР МЕН ҚЫСҚАРҒАН СӨЗДЕР ТІЗІМІ

- МЖМБС – Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты
- ҚМА – Қорытынды мемлекеттік аттестаттау
- МҰ – Медициналық ұйымдар
- ТЖКБ – Техникалық және кәсіптік білім беру
- ОЖБ– Оқу-жұмыс бағдарламалары
- ОЖЖ – Оқу-жұмыс жоспары
- ҮОБ – Үлгілік оқу бағдарламалары
- ҮОЖ – Үлгілік оқу жоспары
- КТЖ– Күнтізбелік-тақырыптық жоспар
- СМЖ– Сапа менеджменті жүйесі
- ОЖ– оқу жұмысы
- ӨО–өндірістік оқыту
- КП – кәсіптік практика
- ОБ– оқу бағдарламасы
- ОӘК– оқу-әдістемелік кешен
- ПОӘК– пәндік оқу-әдістемелік кешен
- ӘЦК– циклды әдістемелік комиссия
- КК – кәсіби компьютерлер
- АКТ - ақпараттық-коммуникациялық технологиялар
- ПҚ- педагогикалық құрам
- ПҚ- педагог қызметкерлер
- СанЕмН – санитарлық ережелер мен нормалар
- ФАП – фельдшерлік-акушерлік пункт
- ӘЭП – әлеуметтік-экономикалық пәндер
- ЖББП – жалпы білім беру пәндері
- ҚҒП – қоғамдық-гуманитарлық пәндер

(II) КІРІСПЕ

Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агентігінің 05.01.2018 жылғы №4-18-ОД бұйрығына сәйкес 2018 жылдың 27-29 наурызы аралығында Сыртқы сараптау комиссиясы ресми сапармен ТЖБ қызметін ұсынатын «Аяжан Қарасай» колледжі білім беру мекемесіне барып, 0301000 "Емдеу ісі" мамандығы 0301013 «Фельдшер» біліктілігі бойынша білім беру бағдарламасының АРТА мамандандырылған аккредиттеу талаптарына сәйкестігіне бағалау жүргізді:

ССК құрамы:

1. **Комиссия төрайымы** – Токбергенова Гульмира Тельмановна, ЖШС «Интердент» Медициналық колледжі директоры (Алматы қ.);
2. **Сарапшы** – Молдина Меруерт Айтмағанбетовна, Қарағанды қаласы ДС Басқарамасының МКҚК «Жезқазған қаласы медициналық колледжі» директорының орынбасары (Жезқазған қ.);
3. **Сарапшы** – Адылканова Асель Мадениетовна, «Шипагер медициналық колледжі» мекемесі директоры (Астана қ.);
4. **Жұмыс беруші** – Сатыбалдинова Зарыккан ШЖҚ МКК «Қарасай аудандық орталық ауруханасы» директорының аудит және денсаулық сақтау сапасы мәселесі жөніндегі орынбасары (Қаскелең қ.);
5. **Студент** – Амантаева Айман Маликқызы, «Жәрдем» медициналық колледжінің «Емдеу ісі» мамандығының 4-курс студенті (Қаскелең қ.);
6. **Агенттік бақылаушысы** – Джакенова Алиса Сатбековна, медициналық жобалар Агентігі басшысы (Астана қ.).

ССК есебінде білім беру ұйымындағы білім беру бағдарламаларының АРТА институционалдық аккредиттеу бағамдарына сәйкестігі туралы бағалау өлшемі, ССК білім беру ұйымы қызметінің сапасын арттыруға қатысты ұсыныстары мен білім беру бағдарламасын бағалау параметрі берілген.

(III) БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМЫНЫҢ ҰСЫНЫЛЫМЫ

«Аяжан Қарасай» колледжі білім беру мекемесі Алматы облыстық Әділет басқармасының 19 маусым 2000 жылғы №684-1907 құжаты негізінде 2015 жылы жеке медициналық колледж ретінде қайта құрылған.

Аудан: Қарасай

Пошталық индексі: 0409000

Байланыс телефоны: 8 (72771) 2-91-32, 2-99-12

Веб сайты: www.ayazhan-karasai.kz

Электронды мекен-жайы: ayazhan_karasai@mail.ru

Медициналық колледж қызметі төменде көрсетілген құрылтай құжаттары негізінде жүзеге асады:

- «Аяжан Қарасай» колледжі мекемесінің 01.04.2015 жылы ҚР Алматы облысы Қарасай ауданы Әділет басқармасында тіркелген Жарғысы;

- 01.04.2015 жылғы Заңды тұлғаны тіркеу куәлігі БСН 150440001273 ҚР Әділет Министрлігінде тіркелген .

- 21.07.2015 жылы Алматы қалалық Білім беру саласын бақылау департаменті, ҚР БҒМ Білім және ғылым саласын бақылау Комитеті №KZ25LAA00005377 Мемлекеттік лицензия және 0301000 «Емдеу ісі», 0302000 «Мейірбике ісі» мамандықтары бойынша лицензияларға қосымша берген.

«Аяжан Қарасай» колледжі білім беру мекемесі жалпы аумағы 766 кв.м құрайтын жеке екі қабатты ғимаратта орналасқан. Жалпы саны - 12 оқу аудиториясы. Бұдан бөлек Қаскелең қаласы Абылайхан көшесі 74 орналасқан ғимараттың 2-қабатындағы жалпы ауданы – 420 кв.м болатын 8 аудиториясын және Қарасай аудандық орталық ауруханасының 1 аудиториясын жалпы ауданы – 25 кв.м. келісімшарт бойынша қолданады. Арнайы пәндер бойынша оқу практикасын жүргізу үшін қажетті жиһаздармен, көрнекі құралдармен жабдықталған. Базалық медициналық ұйымдар болып табылады: Қаскелең қаласындағы ШЖҚ «Қарасай аудандық орталық ауруханасы» КММ, Ұзынағаш ауылындағы ШЖҚ Жамбыл аудандық орталық ауруханасы КММ, «Алат С» ЖШС, №1 ҚКА, қаскелең қаласындағы мүгедектер мен егде жастағыларға арналған «НұрОтан» жеке-үй жайындағы пансионаты.

Колледждегі білім алушылар контингенті - 1108, оның ішінде қазақ тілінде – 911.

0301000 «Емдеу ісі» мамандығы бойынша білім алушылар саны -856, оның ішінде қазақ тілінде – 659

«Емдеу ісі» мамандығының «фельдшер» біліктілігі бойынша оқу бағдарламаларын, оқу-әдістемелік кешендерді әзірлеу және мамандарды даярлау барысындағы оқу процесін жүзеге асыру ісін 56 оқытушы жүзеге асырады: оның ішінде базалық білімге ие 48 – штаттық қызметкер. Олардың арасында: м.ғ.к. – 1 (2,0%), жоғары санатты -9 (18,8%), бірінші санатты - 10 (20,8%), екінші санатты -8 (16,7%), санатсыз - 20(41,7%). Соңғы бес жыл ішінде барлық штаттық қызметкерлер біліктілігін арттыру курсынан өткен.

1- Кесте 0301000 «Емдеу ісі» мамандығы 0301013 «Фельдшер» біліктілігі бойынша түлектердің жұмыспен қамтылу деңгейі

Мамандық	Ағымдағы жылғы түлектер		Жұмыспен қамтылғаны		Жұмыспен қамтылу деңгейі %	Бөлінген аймаққа баруы	Аймақ, облыс
	Барлығы	Мемл. тапсырыс	Барлығы	Мемл. тапсырыс			
0301000 «Емдеу ісі»	222	-	179	-	81,0	-	-

Барлығы :	222	-	179	-	81,0	-	-
------------------	------------	----------	------------	----------	-------------	----------	----------

Ғылыми-зерттеу жобалары

Білім алушылардың интеллектуалдық және шығармашылық қабілетін дамытуға бағытталған мақсатты жұмыстар жүргізіледі. Жыл сайын колледжде арнайы пән оқытушылары және Қарасай аудандық орталық ауруханасының «Салауатты өмір салты» кабинеті меңгерушілері жетекшілігімен 2-3-курс білім алушылары қатысатын дөңгелек үстелдер, семинар-тренингтер өткізіліп, шылым шегудің адам ағзасына зияны туралы мәселелер талқыланады. 2015-2016 оқу жылында практикалық оқу бөлімінің ұйымдастыруымен «Салауатты өмір салты» тақырыбында ғылыми-практикалық конференция өтті. Үздік ғылыми-практикалық конференция жұмыстары қалалық конференцияға ұсынылды. Сонымен 2017 ж. «Емдеу ісі» мамандығы бойынша -3-курс білім алушысы Кошер Назгүл «Колледж студенттерінің өмір-сүру ұзақтығын арттыратын денсаулыққа әсер ететін факторларға көз-қарасы» тақырыбындағы ғылыми-зерттеу жұмысы үшін 3-орынды иеленді. Колледждің оқытушылар құрамы халықаралық, республикалық ғылыми-практикалық конференцияларға қатысу, ғылыми материалдарды жариялау арқылы оқу үрдісіне ғылыми-зерттеу жұмыстарын енгізуді қамтамасыз етіп отыр.

(IV) ССК МӘЛІМДЕМЕСІ

2018 жылдың 27 наурызы мен 29 наурызы аралығында «Аяжан Қарасай» колледжі білім беру ұйымының білім беру бағдарламаларын мамандандырылған аккредиттеуге барған ССК қызметі сараптау комиссиясы бағдарламасы негізінде жүзеге асты.

Бағалау және ұсынылған өзіндік есеп мазмұнын нақтылау және толықтыру мақсатында колледж директорымен, директордың оқу-ісі, практикалық жұмысы, тәрбие ісі, әкімшілік-шаруашылық ісі жөніндегі орынбасарымен, бас есепшімен, әдіскермен, ӘЦК төрайымымен, бөлім меңгерушілерімен, оқытушылармен, жұмыс беруші ұйым өкілдерімен, білім алушылар және түлектермен, студенттердің ата-аналарымен кездесу өтті. Барлық кездесуге жалпы саны - 164 адам қатысты.

2- кесте Кездесуге қатысушылар санаты мен саны туралы мәлімет

<i>Қатысушылар санаты</i>	<i>Саны</i>
Директор	1
Директордың орынбасарлары	4
Бөлім басшылары	4
Бас есепші	1
Кадрлар бөлімі басшысы	1
Оқытушылар	39
Студенттер	80
Түлектер	30
Жұмыс берушілер, әлеуметтік серіктестер	4
Студенттердің ата-аналары	
Барлығы	164

ССК жұмысы барысында колледж инфрақұрылымына визуалды шолу жасалды: оқу аудиториялары, компьютерлік сыныптар, кітапхана, оқу залы, спорт зал, медициналық пункт, тамақтану пункті, клиникаға дейінгі практика кабинеті. Сонымен қатар аккредиттелуші білім беру бағдарламаларын жүзеге асыратын циклды әдістемелік комиссия құжаты, бөлім құжаттары тексерілді. Аккредиттелуші бағдарлама бойынша

практикалық базалар қаралды: Қаскелең қаласындағы ШЖҚ «Қарасай аудандық орталық ауруханасы» КММ, Ұзынағаш ауылындағы ШЖҚ Жамбыл аудандық орталық ауруханасы КММ, «Алат С» ЖШС, №1 ҚКА, қаскелең қаласындағы мүгедектер мен егде жастағыларға арналған «НұрОтау» жеке-үй жайындағы пансионаты.

Арнайы пәндер бойынша оқу практикасын жүзеге асыру үшін базалық медициналық ұйым болып табылатын: ШЖҚ «Қарасай аудандық орталық ауруханасы» КММ, Ұзынағаш ауылындағы ШЖҚ Жамбыл аудандық орталық ауруханасы КММ, «Алат С» ЖШС, №1 ҚКА, қаскелең қаласындағы мүгедектер мен егде жастағыларға арналған «НұрОтау» жеке-үй жайындағы пансионатымен келісімшарт жасалған. Базалық МҰ жақын қарым-қатынас орнаған. Медициналық білім беру аймағы бойынша әлеуметтік серіктестік құру - мамандар даярлауда жұмыс беруші талабын қанағаттандыруға, колледж бен МҰ арасындағы серіктестікті нығайтуға бағытталған.

Әлеуметтік серіктестікті нығайту және дамыту мақсатында медициналық ұйым мен колледж арасында келесі бағыттар бойынша келісілген қызметтер жүзеге асады: білікті маман даярлауды болжау, оқытудағы ортақ емделуші, колледж бен МҰ арасындағы өзара қарым-қатынасты дамыту. Қалыптасқан практика бойынша серіктестіктің мынадай түрлері жүзеге асып отырады: білім алушыны шынайы жұмыс орнында оқыту, студенттерді аттестаттауға жұмыс берушілерді қатыстыру, бірлескен іс-шаралар ұйымдастыру, ата-аналар және оқушылармен кездесу, колледжге саяхат ұйымдастыру, кәсіп түрімен таныстыру.

Базалық МҰ практикадан өтуге ыңғайлы жағдай жасалған, Қаскелең қаласындағы ШЖҚ «Қарасай аудандық орталық ауруханасы» КММ студенттерге I оқу бөлмесі бөлінген.

Барлық практикалық білім беру қызметінің сапалы жүзеге асуын қамтамасыз ету мақсатында қалалық және аудандық 5 медициналық ұйыммен қайта келісімшарт жасалған.

Практикалық базаларды қарау барасында медициналық ұйымдағы материалды-техникалық базамен, әкімшілік ғимратпен, студенттер кәсіби практикадан өтетін мамандандырылған бөлімшелермен таныс болдық. ССК мүшелерімен бас дәрігерлер, бас мейірбикелер, бөлім меңгерушілері кездесіп, практикадан өтушілерге қойылатын талаптар туралы ақпараттандырды. ШЖҚ «Қарасай аудандық орталық ауруханасы» КММ оқу-өндірістік практика үшін жұмыс орнын ұсынумен қатар оқу-жұмыс жоспарларының мазмұнына, студенттердің білім-біліктілік дағдыларын бағалауға қатыстынын ерекше атап өтуге болады. Практикалық базаға қатынау арқылы 4-курс студенттерінің оқу практикасын көріп, нақты дәлел алдық. Өндірістік практикадан өту барысына колледж директоры мен МҰ басшылары жауапты тұлғалардан студенттерге тәлімгерлер бекіткен. МҰ басшылары студенттер мен колледж түлектері туралы оң пікір білдірді. Сапалы маман даярлаушы ұйым кепілі ретінде барлық бөлімшелерде қызмет атқарып жүрген «Аяжан Қарасай» колледжі түлектерін көруге болады.

ССК мүшелері Қаскелең қаласындағы ШЖҚ «Қарасай аудандық орталық ауруханасы» КММ базасына барып, бас дәрігер Е.Б. Сарсенбаевпен кездесті. Кездесу барасында Қаскелең қаласындағы ШЖҚ «Қарасай аудандық орталық ауруханасы» КММ «Аяжан Қарасай» медициналық колледжімен тығыз байланыста қызмет ететінін анықтады. Көптеген қызметкерлер, бас дәрігерлер, бас мейірбикелер студенттердің білім-біліктілік дағдыларын бағалауға қатысып, ОП қызметін жүзеге асыруға ықпал етеді.

Қаскелең қаласы аудандық ауруханасының бас мейірбикесі Жылгелдиева А.Н ССК мүшелерімен сұхбаттасу барысында «Аяжан Қарасай» медициналық колледжі түлектері жұмысқа қабылдану барысында аурухана бөлімшелерінде тағылымдамадан өтетінін, орта медициналық қызметкерлер үнемі ауысып отыратынын және бұл процестің халыққа қызмет көрсету сапасын арттыру үшін үлес қосатынын атап өтті.

Клиникалық базада практикалық сабақ жүргізуге арналған 1 оқу кабинеті бар: Қаскелең қаласы аудандық ауруханасының перзентхана бөлімінде.

«Аяжан Қарасай» медициналық колледжінің 30 түлегінен сұхбат алынды. Олар түрлі бөлімшелерде қызмет атқарады (терапевтикалық, балалар, перзентхана, хирургиялық, емхана, қабылдау бөлімі т.с.с.).

Олар өз кезегінде қызмет атқару барысында жеткен жетістіктерімен бөлісіп, колледж қабырғасында алған білімдері үшін оқу орнына алғыс білдіретінін жеткізді.

ССК мүшелері «Ішкі аурулар пропедевтикасы», «Ішкі аурулар», «Хирургиялық аурулар», «Балалар аурулары» пәндері бойынша өткен сабақтарға қатысты. ШЖҚ «Қарасай аудандық орталық ауруханасы» КММ базасына студенттер өздерінің практикалық дағдыларын көрсетті. Атап айтсақ, анамнез жинау, қан қысымын өлшеу, ампуладан емдік дәрілерді алу т.с.с.

Тәрбиелік іс-шара «Наурыз» мерекесіне қатыстық. Сабаққа қатысу барысына талдау қорытындысы оқытушылардың бекітілген күнтізбелік-тақырыптық жоспарлары, сабақ жоспарлары, ОӘК бар екенін көрсетті. Жалпы сабаққа қатысу қорытындысы бойынша оқу процесінің қажетті әдістемелік деңгейі анықталды.

(V) АЛДЫҢҒЫ АККРЕДИТТЕУ РӘСІМІ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТ

Берілген оқу орнында осы уақытқа дейін аккредиттеу жүргізілмеген.

(VI) МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН АККРЕДИТТЕУ СТАНДАРТТАРЫНА СӘЙКЕСТІГІ

6.1 «Миссия және басшылық» стандарты

Дәлелді бөлім

Білім беру ұйымының қызметі колледж миссиясын, мақсат-міндеттерін жүзеге асыруға бағытталған. Миссия колледжді Дамыту бағдарламасымен сәйкес. Стратегиялық мақсат пен міндет колледж қызметінің мақсат - міндетіне сәйкес.

Колледждің миссиясы мен болжамы, стратегиялық мақсаты ұлттық білім беру жүйесінің басым бағыттары мен мақсатына сай, Қазақстан халқына сапалы медициналық қызмет көрсету үшін колледждің үнемі маман даярлау сапасын дамытып отырғандығымен айқындалады.

Колледж білім беру бағдарламасын дамыту жоспарын қалыптастыруға педагогикалық ұжым мен жұмыс берушілерді қатыстырады. Жұмыс берушілердің қызығушылық танытуы маман даярлау деңгейін анықтау арқылы қалыптасқан. Жұмыс берушілер жыл сайын маман даярлауға және мамандарға қойылатын талаптарды қайта қарастырып, түзетіп, жаңартып отырады.

Жұмыс берушілер практикалық денсаулық сақтау саласы сұранысын ескере отырып, оқу-жұмыс жоспарын түзету процесіне белсенді қатысып отырады. Ұсыныстар мен өзгертулер енгізеді. Жұмыс берушілер тарапынан мемлекеттік аттестаттау комиссиясы жұмысына қатысушы, МҰ қызмет атқаратын қызметкер кандидатурасы ұсынылады.

Колледжде білім беру бағдарламасын дамыту жоспарын қалыптастыру барысы айқын жүзеге асады. Білім беру бағдарламасын дамыту жоспары мазмұны туралы ақпарат барлық мүделлі тұлғаларға мәлімделінеді.

Білім беру бағдарламасын қалыптастыру және қайта қарастырып отыру, орындалу деңгейіне мониторинг жүргізу білім беру ұйымында жүзеге асады.

Берілген білім беру ұйымы білім беру бағдарламасының жүзеге асуы туралы ақпаратқа талдау жүргізіп, дамыту жоспарын жүргізеді.

Мамандық бойынша білім беру бағдарламасын дамыту жоспары ашық талқыланып, барлық мүделлі тұлғалар қатысады. Кемшіліктер анықталып, ұсыныстар мен ескертулер беріліп, түзету енгізіледі.

Мониторинг шеңберінде өзін-өзі дамытуға қатысты жеке жоспарлар мен жұмыс жоспарларының орындалуы бағаланады. Әр жарты жыл сайын ӘЦК негізгі

көрсеткіштерінің жүзеге асуына таладау және мониторинг жүргізіледі, қорытындысы жоспарда белгіленген деңгеймен салыстырылады. Тескеру қорытындысына сәйкес түзету енгізіліп, сәйкессіздікті жою жұмысы қолға алынады.

Мониторинг жүйесінің тағы бір бағыты – білім беру бағдарламасын дамыту мәселесі болып табылады: оқу процесінің әдістемелік қамтамасыз етілу сапасы, жаңа әдістер мен оқыту тәсілдерін енгізу және іс жүзіндегі әдістерді жетілдіру, практиканың барлық түрлерін дамыту.т.с.с.

Колледже ББ бағдарламасының жүзеге асуын реттейтін барлық құрылымдық бөлімше құжаттандырылған. Колледждегі әр қызметкер өз міндеті мен құқығын біледі.

Берілген білім беру ұйымында құжаттарды бекіту белгілі тәртіппен реттелген, мерзімді рецензияланып, білім беру бағдарламасы мен құжаттарға мониторинг жүргізілген.

Білім алушыларға бағытталған тиімді қызмет жүзеге асады, қызметкерлер мен барлық мүдделі тұлғалар қажетті ақпаратты алып, кері байланысты жүзеге асыра алады, сапалы білім беру бағдарламасымен қамтамасыз ету жүйесі іске қосылған.

Колледже іштей және сырттай талдау жұмысы жүргізіледі. Оқытушылар мен студенттердің қанағаттану деңгейі әлеуметтік мониторинг жүргізу арқылы анықталады.. Мониторинг белгіленген талаптарға сәйкес жүргізіліп, жүзеге асады. Колледждегі сұрақтарға жауап алу, сауалнама жүргізу процесіне студенттер, түлектер, жұмыс берушілер, оқытушылар қатысады. Сауалнама алу мақсаты оқытушылар кәсіби қызметі, басқару қызметі сапасы туралы ақпарат алу және өзге де білім беру процесіне қатысты мәселелерді анықтау болып табылады.

ББ бағдарламасының мақсаты, миссиясы мерзіміне байланысты және өзге де мүдделі тұлғалардың күткен нәтижесін қанағаттандыру үшін қайта қарастырылып отырады.

Күшті жақтары

Күшті жағы ретінде қарастыруға болады:

- «Аяжан Карасай» медициналық колледжі білім беру бағдарламасын дамыту жоспарын қалыптастыру ісіне мүдделі тұлғалар тобын, оның ішінде білім алушыларды, педагогикалық ұжымды, жұмыс берушілерді қатыстырады.
- «Аяжан Карасай» медициналық колледжі тұрақтылық қағидаларын жүзеге асыру ісін, нәтиженің тиімділігін, қызметтің басым бағыттарын, жауапкершілікті, қызметті бөліп қарастыруды, өзіндік қаржыландыру жүйесі деңгейін ашық көрсетеді.
- ББ бағдарламасы нұсқаулығы білім алушылар, педагогикалық ұжым, ата-аналар мен жұмыс берушілер үшін қолжетімді әрі ашық екенін дәлелді көрсетеді.

Аналитикалық бөлім

«Миссия және басшылық» стандарты бойынша білім беру бағдарламасының нәтижелі жүзеге асуы жоспарлы, мақсатқа бағытталған тиімді қызметтің негізіне байланысты екенін атап өткіміз келеді. Бұл қызмет шын мәнінде барлық мүдделі тұлғалар үшін қолжетімді әрі ашық болуы тиіс.

Берілген колледжде ББ бағдарламасын дамыту жоспарына білім алушылар мен мүдделі тұлғалардың талаптары ескеріле отырып түзету енгізіліп, қайта әзірленіп отырады. ББ бағдарламасы жоспарын әзірлеу барысында ұлттық даму басымдықтары мен колледжді дамыту стратегиясы мақсаттары ескеріледі.

ССК бағалау өлшемдеріне сәйкес шешімі: (күшті/қанағаттанарлық/жақсартуды талап етеді/ қанағаттанарлықсыз)

күшті – 7

қанағаттанарлық – 0

жақсартуды талап етеді-0

қанағаттанарлықсыз-0

6.2 «Білім беру бағдарламасы» стандарты

Күшті жақтары/үздік практика

Күшті жағы ретінде қарастыруға болады:

- ББ бағдарламасын жүзеге асырушы басшылық құрам оқу пәні мазмұнында кәсіби мәнмәтіннің бар екенін көрсетті;
- ББ бағдарламасын жүзеге асырушы басшылық құрам теориялық және практикалық-бағыттық пәндер арасындағы тиімді тепе-теңдікті көрсете алды;
- Пән мазмұнының мен тізімі барлық білім алушылар үшін қолжетімді. Пәндерді оқыту аймағына қатысты барлық сұрақтар мен мәселелер қарастырылған;
- ББ бағдарламасы құрылымында тұлғаның жеке ерекшелігін ескере отырып базалық және кәсіби құзыреттілігін дамытуға ықпал ететін түрлі қызмет түрлері қарастырылған;
- ББ бағдарламасын жүзеге асырушы басшылық құрам студенттердің тіліне қарамастан тең құқылы білім алуға мүмкіндік береді;
- ББ бағдарламасын жүзеге асырушы басшылық құрам тиімді жеке қызмет көрсету жүйесін жүзеге асырып отыр. Білім алушылар білім беру процесіне қатысты жеке кеңес ала алады;
- Басшылық ББ бағдарламасын тиімді меңгеруге жағдай жасаған;
- Басшылық тұлғалық ерекшелікті тиімді қолданып, ББ бағдарламасын жүзеге асыруда мәдени тәжірибе алмасу ісін жүзеге асырады;
- Басшылық білім беру бағдарламасын жүзеге асыруда жеке тұлғалық қолдау көрсеткен;
- Басшылық «Емдеу ісі» мамандығының «Фельдшер» біліктілігі бойынша білім алушылардың оқу, оқу-өндірістік және дипломалды практикадан өтуін қамтамасыз етіп, студенттер мен МҰ қызметкерлерінің қанағаттану деңгейіне мониторинг жүргізеді.

Дәлелді бөлім

Колледж оқу пәндерінің өзара логикалық байланысын, мазмұны мен көлемін анағұрлым жақсы айқындайды.

Мамандарды даярлау сапасы және олардың кәсіби құзыреттілігі МҰ басшылары тарапынан берілген мінездеме арқылы көрніс табады.

ББ бағдарламасын қалыптастыру барысында білім алушылардың пікірі ескеріледі. Үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес оқу жұмыс бағдарламалары әзірленген. Оқу –жұмыс бағдарламалары МЖМБС негізінде құрылып, оқытушылар мен жұмыс берушілердің пікірі ескеріледі. Үлгілік оқу бағдарламаларына сағат саны көрсетілген міндетті пәндер тізімі еніп, базалық, бейіндік, жалпыбілім беру циклы ара қатынасы реттеледі. Содан соң оқу пәнінің көлемі анықталады.

Берілген колледжде студенттерге қолжетімді оқу пәні мазмұны мен тізімін көруге болады. Сабақ жүргізудің түрлі тәсілдері қарастырылған (іскерлік ойындар, тренингтер, дискуссиялар, саяхат сабақтар), білім алушылардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастырады. Кәсіби практикалар жетекші рөл атқарады, себебі олар студентті кәсіби даярлаудың негізін қалайды.

Білім беру ұйымында жұмыс берушілер қызығушылығын ескере отырып, білім беру бағдарламасы жаңарып отырады.

Колледжде білім беру екі тілде жүзеге асады, мемлекеттік тілде және орыс тілінде.

Білім беру процесіне қатысты студенттерге жеке көмек көрсету қызметін байқауға болады. ББ бағдарламасын тиімді меңгерту үшін барлық жағдай жасалған. Білім беру процесінде білім алушының тұлғалық ерекшелігі ескеріліп, оқу процесінде жеткен жетістігіне мониторинг жүргізіліп отырады.

Білім алушылар оқытушылардан кеңес ала алады, дәл сол секілді www.ayazhan-karasai.kz сайтында орналасқан директор блогына жазып, тиісті жауап алу мүмкіндігіне ие.

Аналитикалық бөлім

«Білім беру бағдарламасы» стандарты миссияға, мақсатқа және күтілетін нәтижеге сәйкес әзірленген. Білім беру бағдарламасын жүзеге асыру кадрлық потенциалды қамтамасыз етіп, медициналық денсаулық сақтау ұйымдармен серіктестік құруға мүмкіндік береді. Колледждің материалды-техникалық базасы мен қаржылық жағдайы тұрақты.

ССК ұсыныстары

- ✓ Медициналық колледже білім беру бағдарламасын жүзеге асыру барысында заманауи қағидаларға негізделген білім беру әдісін қолдануды ұсынамыз.
- ✓ Білім алушылардың базалық және кәсіби құзыреттілігін анық көрсететін және оқу қызметі барысында жеткен жетістігін бағалайтын жаңаша бағалау әдісін қолдану.
- ✓ Білім беру ұйымнан кейінгі білім алу кезеңдерін қамтамасыз ететін мекемелермен байланыс орнату (бакалавриат, мамандандыру).
- ✓ Материалды техникалық базаны нығайту

ССК бағалау өлшемдеріне сәйкес шешімі: (күшті/қанағаттанарлық/жақсартуды талап етеді/ қанағаттанарлықсыз)

күшті – 8

қанағаттанарлық – 1

жақсартуды талап етеді-0

қанағаттанарлықсыз-0

6.3 «Білім беру бағдарламасының» тиімділігі

Күшті жақтары/үздік практика

Күшті жақтары ретінде қарастыруға болады:

- ✓ Білім беру бағдарламасының тиімділігінің көрсеткіші практикалық денсаулық сақтау талаптарын ескере отырып әзірленген.
- ✓ Топтар мен курстар бойынша студенттердің оқу жетістігіне мониторинг жүргізу тиімді бағалау болып табылады.
- ✓ Колледже білім беру бағдарламасы тиімділігін бақылаудың үздіксіз механизмі қалыптасқан. Сонымен қатар оқу жоспары, ӘЦК, бөлім меңгерушісі, директордың ОЖО, ПЖО деңгейінде қойылған мақсаттардың жүзеге асуын қамтамасыз етеді.
- ✓ Оқытушылар құрамының қалыптасуы біліктілік талаптарына, білім беру қызметін лицензиялауға сәйкес жүзеге асады.

Дәлелді бөлім

0301000 «Емдеу ісі» мамандығының «фельдшер» біліктілігі бойынша оқытушылар құрамы - 56: оның ішінде базалық білімге ие 48 (85,7%)– штаттық қызметкер, штаттық құрылым талаптарына сәйкес. Олардың арасында: м.ғ.к. – 1 (2,0%), жоғары санатты -9 (18,7%), бірінші санатты - 10 (20,8%), екінші санатты -8 (16,6%). Мемлекеттік тілде 48 (85,7%) оқытушы сабақ береді.

Соңғы бес жыл ішінде барлық штаттық қызметкерлер 100% біліктілігін арттыру курсынан өткен.

Жұмыс берушілермен сұхбаттасу нәтижесі білім беру бағдарламасының тиімділігіне куәлік етеді.

Аналитикалық бөлім

«Білім беру бағдарламасының тиімділігі» стандарты бойынша білім беру бағдарламасын жүзеге асыруға қажетті оқытушылар құрамының сапалық және сандық

сәйкестігін атап өтуге болады. Оқытушылардың біліктілігін арттыру деңгейі жоғары, практикалық база жетекшілерінің маман даярлау ісіне қатысты пікірі қажетті деңгейді қанағаттандырады.

ССК бағалау өлшемдеріне сәйкес шешімі: (күшті/қанағаттанарлық/жақсартуды талап етеді/ қанағаттанарлықсыз)

күшті – 7

қанағаттанарлық – 0

жақсартуды талап етеді-0

қанағаттанарлықсыз-0

6.4. «Оқытушылар және оқыту тиімділігі» стандарты

Дәлелді бөлім

Колледждегі білім беру процесіне тәжірибесі мол мамандар қатыстырылады, олар ғылыми және академиялық білімге ие, жаңа білім беру технологияларын меңгерген бірінші және жоғары санатты педагогтер жұмысты қоғамдық қызметпен байланыстыра біледі. Оқытушылардың семинарларға, конференцияларға, курстарға қатысуына, біліктілігін арттыруына мониторинг жүргізіледі..

Оқытушылардың біліктілігін арттыру деңгейінің өсімі байқалады.

2015 жылдан 2017 жылға дейін 36 оқытушы біліктілігін арттыру курсынан өткен.

Соңғы бес жыл ішінде барлық штаттық қызметкерлер 100 % біліктілігін арттыру курсынан өткен.

Колледж басқару жүйесін үздіксіз жетілдіріп отырады. Біліктілігін арттыру курсынан өтудің перспективті жоспары құрылған, жоспарға сәйкес барлық ұстаздар жаңартылған білім беру мазмұнымен таныс болады.

Педагогтер Республикалық жоғары медициналық колледжде, педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру институтында, «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы акционерлік қоғамында, Алматы облыстық мамандарды кәсіби дамыту институтында, Қазақ медициналық үздіксіз білім беру университетінде, Қазақстандық аймақаралық біліктілікті арттыру орталығында, Республикалық медициналық университетінде, Республикалық дәрігерлерді дипломнан кейін оқыту университетінде курстан өтеді.

Колледже білім беру тиімділігі сапасына жүйелі бағалау жүргізіледі, педагогикалық ұжым қызметіне мониторинг жасалып, оқытушы құзыреттілігі бағаланады. Бағалау түрі мен әдісі, бағалау өлшемі ӘЦК отырысында, педагогикалық, әдістемелік кеңесте, оқытушыларға таныстырылып, арнайы колледж сайты мен ақпараттық стенке ілінеді.

Білім беру бағдарламасын жүзеге асырумен қатар оқыту сапасын арттыру міндетін алған колледж оқытушылары стратегиялық жоспар мен миссияға сәйкес білім алушылар мен жұмыс берушілер талабына қанағаттандыру мақсатында педагогикалық қызметін жетілдіріп отырады. Үлгілі ашық сабақ жүргізген оқытушылар: Кубаева А.К. «Бұлшық етке инъекция жасау алгоритмы», Тангатарова Г.С.«Асқазан-ішек жолдарының және биллиарлы жүйенің аурулары», Кутлимуратова В.Н. «Босану кезіндегі және босанғаннан кейінгі қан кетулер. Геморрагиялық шок. ДВС-синдром.», Лесбекова А.Е. «Тыныс алу жүйесінің бұзылуындағы көмек. Оксигенотерапия». Жүргізілген ашық сабақтар ӘЦК отырысында жоғары бағаланды. Сабақ барысында студенттердің қызығушылығын арттырып, практикада қолданатын кәсіби дағдыларын шындауға ықпал ететін заманауи оқыту технологиялары қолданылды.

Колледже педагогтердің кәсіби қызметі бағаланып, рейтинг жүргізіледі. Қорытындысы бойынша оқу жылының соңында ұстаздар мақтау қағаздарымен, Алғыс хаттармен, ақшалай сыйақымен марапатталады. Шешімі педагогикалық кеңесте оқылады.

Оқытушының жұмыс жүктемесіне енеді: оқу-өндірістік қызмет, әдістемелік және

тәрбие жұмысы. Жүктемеге сәйкес тақырыптық-күнтізбелік жоспар жасалған.

Педагогтің кәсіби дамуына бағытталған жеке жоспар жасалған. Жеке жоспар педагогтің оқу-әдістемелік, ғылыми-зерттеу, тәрбие және жеке шығармашылық қызметінің жүйелілігі мен бірізділігін қамтамасыз етеді.

Аналитикалық бөлім

«Оқытушылар және оқыту тиімділігі» стандарты бойынша біліктілікті арттырудың жоғары деңгейін, түрлі шығармашылық және қосымша білім беру ұйымдары қызметін ерекше атап өтуге болады.

Колледжде барлық педагогтер өзінің жүктемесін толық жүзеге асырады. Кадрлық потенциал білім беру бағдарламасы кадрлық специфика талабына сәйкес, жас мамандарға қолдау көрсету қызметі жүйелі қолдау тапқан.

Күшті жақтары/үздік практика

- Педагог кадрларды таңдау және үйлестіру колледж педагогтерінің біліктілігі мен кәсіби дамуына сәйкес жүзеге асады. Оқытушылар құрамының сапалық және сандық құрамына талдау жүргізу біліктілік талаптарына және ББ бағдарламасы мақсатына сай екенін көрсетті.
- Колледж оқытушыларының құқықтары мен міндеттері қызметтік нұсқаулықпен реттеліп, жыл сайын қайта қаралады. Белгіленген талапқа сай талдау жүргізіледі.
- Оқу процесін басқару құрамы педагогикалық ұжым қызметін, құзыреттілігін жүйелі қадағалап, кешенді бағалау жүргізеді. Сондай-ақ қорытынды мониторингпен қамтамасыз етеді.
- Педагогтердің жұмыс жүктемесіне түрлі қызмет түрлері енеді. Оқу процесін басқарушы құрам педагогтер жоспарлаған жүктеменің барлық түрінің жүзеге асқанын көрсете алды.
- Оқу процесін басқарушы құрам жас мамандарға қолдау көрсету қызметін қамтамасыз етіп отыр.
- Оқу процесін басқарушы құрам педагогтер мен қызметкерлерді мадақтаудың, жеке дамуына қолдау көрсетудің түрлерін жүзеге асырған.
- Педагогикалық ұжымның қоғамдық өмірге белсене араласуын маңызды фактор ретінде атап өтуге болады.

ССК ұсыныстары

- Медицинадағы басым бағыт ретіндегі практикалық денсаулық сақтау ұйымымен кіріктірілген қызмет түрін дамыту.
- Инновациялық технологияларды қолдану арқылы клиникалық пәндерді оқыту әдісін түрлендіру.

ССК базалау өлшемдеріне сәйкес шешімі: (күшті/қанағаттанарлық/жақсартуды талап етеді/ қанағаттанарлықсыз)

күшті – 8

қанағаттанарлық – 2

жақсартуды талап етеді-0

қанағаттанарлықсыз-0

6.5 «Білім алушылар» стандарты

Дәлелді бөлім

Контингентті қалыптастыру жұмысы біліктілік санатына сәйкес жүргізіледі: абитуриенттің базалық білім деңгейі, күндізгі оқыту түрі, және оқу тілі (қазақ және орыс). Студенттік контингентті қалыптастыру туралы ақпараттар колледж сайтында орналасады. Студенттерді колледжге қабылдау туралы ақпаратты абитуриенттер ақпараттық үлестірме

